**Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тоқмансай орта мектебі» КММ**

Қамқоршылық кеңесінің ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: 28.12.2023

Қайнар ауылы

Қатысқандар (Қамқоршылыұ кеңес мүшелері)

1. Алдашев Р.Ж -қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Ақбергенов С.Ғ -қамқоршылық кеңес мүшесі
3. Айжарикова Н.Б -қамқоршылық кеңес мүшесі
4. Сарыжданова Ш -қамқоршылық кеңес мүшесі
5. Тулепов А.М- қамқоршылық кеңес мүшесі
6. Нурмаганбетова С.Б.- қамқоршылық кеңес мүшесі
7. Джамиева К.- қамқоршылық кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымы басшысының қайырымдылық көмек құралдарын пайдалану және олардың қозғалысы жөніндегі қызметі туралы есебі.
2. Қамқоршылық кеңестің атқарылған жартыжылдық есебі.

Алғашқы сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Ескельдина Қамқоршылық кеңесі отырысының күн тәртібімен таныстырып өтті.

Оқу жылының басында мектептің әлеуметтік педагогы Раханова Күлпаршынның ұйымдастыруымен қырық мың теңге көлеміндегі қаражатқа мүмкіндігі шектеулі оқушыға мектеп формасы мен оқу құралдары алып берілді. Класс жетекшілер өз класындағы күн көрісі төмен отбасы балаларына ата аналармен хабарласа отырып, жетіспеген оқу құралдарын, метеп формаларын алып беруге көмектесті.

Мектеп әкімшілігі екі оқушығаспорттық костюм, мектеп сөмкесін алып берді. «Ашық жүрек» еріктілер тобы мен «Шебер қолдар» үйрмесі оқушылары қолөнер жәрмеңкесін ұйымдастырып, түскен қаражатқа күн көрісі төмен отбасына азық – түліктей көмек көрсетілді. Жоспарға сай «Армандар орындалады» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, үйден оқитын оқушы Сағынтай Мейрімге Тоқмансай орта мектебінің мұғалімдері қаржылай және әр мереке қарсаңында сыйлықтар жасап тұрды. Фазылова Айнұрдың демеушілігімен мектеп сөмкесі және оқу – құралдары табысталды. Халықаралық мүгедектер күніне орай «Жылы жүрек - жомарт қол» акциясы ұйымдастырылып, «Жас ұлан» ұйымы, әлеуметтік педагог және тәлімгердің демеушілігімен Сағынтай Мейрімге дәрумендер, тәттілер апарып, көтеріңкі көңіл - күй сыйлады. Мектеп басшысының тапсырмасы бойынша қыркүйек айынан бастап жекелеген санаттағы білім алушылар және 1-4 бастауыш класс оқушылары ыстық тамақпен қамтылды. Барлығы 346 білім алушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. 64 қаулы бойынша азқамтылған, күн көрісі төмен отбасылардан шыққан 11 тәрбиеленушіден өтініш қабылданды.

Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ортақ келісімімен кеңес төрағасы болып Р.Ж.Алдашев қайта сайланды.

Екінші мәселе бойынша жаңадан Кеңес төрағасы болып сайланған Р.Ж.Алдашев сөз алып, жалпы кеңестің міндеттеріне тоқталып өтті. Алдағы уақытта бірге жүйелі жұмыс жасап, жақсы нәтижелерге жетуге шақырды.

ШЕШІМ

1.Тоқмансай орта мектебінде қайта құрылған қамқоршылық кеңесінің жұмысы жандандырылсын.

2.Кеңестің жұмыс жоспары оқу жылына байланысты құрылсын.

1. Алдашев Р.Ж -қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Ақбергенов С.Ғ -қамқоршылық кеңес мүшесі
3. Айжарикова Н.Б -қамқоршылық кеңес мүшесі
4. Сарыжданова Ш -қамқоршылық кеңес мүшесі
5. Тулепов А.М- қамқоршылық кеңес мүшесі
6. Нурмаганбетова С.Б.- қамқоршылық кеңес мүшесі
7. Джамиева К.- қамқоршылық кеңес мүшесі